

ЖШС «Кенесары07» «Балбөбек» жеке балабақшасы

«Гүлдер күні»

Тәрбиеші: Б.Т.Даулетова

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Түстерді ажырата білу, гүлдер туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру. Гүлдердің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын айтуын, оларды баптап, күту ережелерімен таныстыру. Әдемілікті сезіне білуге, көктемдік талғамдарының жетілуіне ықпал ету.

Әдіс- тәсілдер: Әңгімелеу, тренинг, түсіндіру, сұрақтар – жауап, өлең, ойын, тақпақтар айту.

Тәрбиеші:

Жұмбақ жасыру:

Аналарға сыйлайтын

Аралар бал жинайтын

Бұл немене, балалар.

Үзуге адам кимайтын. (Гүл)

Сұрақ-жауап:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Жаз мезгілі.

- Жазда аулаға, айналамызға не егеміз?

- Гүлдер.

- Дұрыс айтасындар, ендеше бүгінгі гүлдер туралы айтатын боламыз.

- Гүл дегеніміз өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Гүлдер терезелердің алдына сән берге қоймай, бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл күй сыйлайды. Гүлдердің де жаны адамдармен сөйлескендей олармен де сөйлесіп, өз ілтипатынды білдіріп, баптап, күтіп сүйіспеншілікпен қарап, еркелетіп тұру қажет. Гүлдердің құрлысы: тамыры, сабағы, жапырағы тостағаншасы, күлтешелері.

- Гүлдердің ұзақ уақыт ауырмай, жайқалып тұруының сыры неде деп ойлайсындар

- Махаббатта. Гүлдер өсіп тұрған белмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңіліміз көтеріңкі болады. Олар көптеген түрлері болады. Түстері де әр түрлі болады.

Дидактикалық ойын: «Гүлді ретімен орналастыр!» Балалар ойынның шарты бойынша суреттерді рет ретімен орналастырады) Қорытындылау

Тәрбиеші: Жарайсындар, енді балалар гүлдердің суретін салайық.

Қорытынды: жарайсындар балалар, енді «Гүлдер» әнін айтып ойын-сауығымызды аяқтайық.

Ән: «Әдемі гүлдер»

